

## 2021 жылға акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 11 ақпандағы № 36 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 12 ақпанда № 6061 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17583 болып тіркелген "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 4 қазандағы № 408 бұйрығына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2021 жылға акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Түркістан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ұ.Қ.Тәжібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Ө. Шөкеев

А.Ш. Жетпісбай

Ә.Е. Тұрғымбеков

С.А. Қалқаманов

М.И. Мырзалиев

А.С. Сабитов

Ұ.Қ. Тәжібаев

А.А. Абдуллаев

А.Б. Тасыбаев

"2021 жылға акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" Түркістан облысы әкімдігінің 2021 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ қаулысына

Түркістан облысы әкімдігінің

**2021 жылға акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 22.11.2021 № 257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

№	Субсидиялау бағытының атауы	Өлшем бірлігі	Субсидия көлемі	1 (бір) килограмм акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруге жұмсалған азық шығысының нормасы, килограмм	1 (бір) килограмм балық азығына бөлінетін субсидиялар сомасы, теңге	Субсидиялар сомасы, мың теңге
1.	Бекіре тұқымдас балықтар мен олардың будандары	килограмм	58 479,5	1,5	285	25 000,0
2.	Албырт тұқымдас балықтар мен олардың будандары	килограмм	30 864,2	1,2	270	10 000,0
3.	Тұқы тұқымдас балықтар мен олардың будандары	килограмм	779 166,6	4,0	105	327 250,0
	Барлығы					362 250,0